



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 1 (151), 2021

Қаңтар
Январь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Хасенова

Мектеп – оқушы – ата-ана сабақтастығын тиімді үйлестірудің психологиялық аспектілері 3

Н. Сатыбаева

Біліктілік – сапалы білім баспалдағы 5

Е. Рахимбаев

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында оқушыларды азаматтық құндылықтарға тәрбиелеу 6

М. Бекетаева, Ш. Тәжіхан

ҚазҰУ – мүмкіндіктер мекені 7

А. Курманбекова

Бағалау оқу мен оқытудағы маңызды аспектілердің бірі – критериялы бағалау жүйесін дұрыс қолданудың маңызы 8

М. Бүлебаева

Қ. Бітібаеваның М. Әуезов шығармаларын оқытудағы технологиясы 10

Б. Бердібай

Бағдарлы оқытудағы педагогикалық технологиялар 12

Б. Умарова

Жеке тұлғаның дамуындағы басты бағыт – өзін-өзі тану 14

М. Алимжанова, Б. Абдыкаримов

Париж конвенциясы және жасыл экономика 16

Б. Рахымбаев

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі 19

Ш. Адильбекова

Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту 21

М.Б. Алимжанова, Е. Сырғабек, А. Амандыкова, А. Мырзай

Жүзімдер де сырқатқа шалдығады 23

Т. Кокеева

Развитие творческих способностей учащихся начальных классов в урочной и внеурочной деятельности 29

С. Темирбаева

Обобщающий урок-конкурс на тему: «Состав слова» 31

А. Абдасулова

Применение ИКТ как средство развития познавательной деятельности учащихся начальных классов 32

Д. Войтов

Методы и формы работы обучения на уроках математики 34

Ж. Ботбаева

Өнерін өрлеткен топ 37

Д. Сыздыкова

Задачи на сложение 38

А. Кенесбаева

Ақпараттың өлшем бірліктері 41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
05.01.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 05.01.2021 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Мектеп – оқушы – ата-ана сабақтастығын тиімді үйлестірудің психологиялық аспектілері



**Аида Рашитовна
ХАСЕНОВА,
№32 жалпы білім
беретін мектебінің
директоры, педагог-
психологы.
Түркісіб ауданы,
Алматы қаласы.**

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушысы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өміріндегі ең қымбаттысы, көз қуанышы — бала. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтар отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы — ата-анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жиғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат әрбір бала мәдениеттің негіздерін білуі және түбегейлі біліммен сусындауы тиіс. Әрине, олардың жан-жақты дамуына ата-ана мен мектеп жағдай жасауы керек. Отбасында алған тәрбие мектепке келгеннен кейін одан әрі жалғасады. Баланың сабаққа зейін қоюы, саналы қарауы, озат та тәртіпті оқушы болып өсуі ол мұғалім мен ата-ананың еңбегінің жемісі. Дұрыс өспеген ағаш жеміс бермесі анық. Бүгінгі тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған орай заман талабы үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне психологиялық және педагогикалық сүйемелдеу өте қажет. Қазір-

гі таңда отбасында тәрбиеленіп отырған балалардың психологиясы әр түрлі, сондықтан еліміздің ертеңі, болашағы жас ұрпақтың тәрбиелі, білімді, денсаулығы мықты азамат болып өсуі үшін мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы берік болуы керек. Баланың сапалы білім алуы мұғалім және ата-анаға байланысты.

Психологиялық қолдау — балаңыздың ҰБТ-ны, ОЖСБ-ны сәтті тапсыруының бірден бір маңызды факторы. Баланы қалай қолдау керек?

ҰБТ және ОЖСБ-ға дайындалуда оқушыға қалай көмектесуге болады?

Тестілеуде балаңыздың алатын ұпай санына көп алаңдамаңыз. Балаңызға алынған ұпай саны оның нағыз мүмкіндігінің өлшемі емес екендігін ескертіңіз. Және сынақтан кейін нәтижесіне қарап балаңыздың жауабына ренжіп оны жазаламағаныңыз жөн. Тестілеу тапсырар алдында баланың алаңдаушылығын тудырмаңыз, бұл тестілеудің нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін. Балаға әрқашан ата-анасының қобалжуы, толқуы беріледі. Сондықтан оны сабырға шақырып, байсалдылыққа бейімдеңіз, әр жақсы жетістіктері үшін мақтап отырыңыз. Балаңыздың өзіне деген сенімділігін жоғарылатыңыз. Себебі сәтсіздіктерден көбірек қорыққан сайын, қателерді көбірек жіберу мүмкіндігі соғұрлым артады. Баланың көңіл күйін қадағалаңыз, тек сіз ғана оның көңіл-күйінің қалай болып тұрғанын түсіне аласыз. Тамақтануға да назар аударыңыз: қарқынды ақыл-ой еңбегінде дәрумені көп тамақтың септігі мол. Әсіресе балық, ірімшік, жанғақ, өрік және т.б. мидың жұмысын жақсартады. Бұл жерде де ескерер мәселе, мидың жұмысын жақсартады деп баланың қаламаған тамағын зор-



лықпен жегізу де нәтиже бере қоймас, ондай жағдайда керісінше, оның сүйіп жейтін асын дайындап берген дұрыс болар. Егер балаңыз қиналса көмектесіңіз. Алдын ала тесттері бар кітаптар сатып алып, балаңызды жаттықтырыңыз. Мұнда балаңыз тәжірибе жүзінде тестерді орындауға, уақытты үнемді пайдалануға үйренеді. Бұл балаңыздың зейінін бір жерге шоғырландыруға дағдыланады. Қажет болса бірге дайындалыңыз. Кейбір балалар оңаша дайындалғанды жақсы көрсе, кейбір оқушы жанында жақын адамы болғанды қалайды. Емтихан болар алдында балаңыз жақсылап тынығып, ұйқысы қанғаны жөн. Алдымен барлық мәтінді, олардағы тапсырмаларды бір көзбен жүгіртіп шықсын, ол балаңыздың жұмысқа деген ынтасын жоғарылатады. Сұрақты бар зейінін қоя оқып, оның мәнін түсінсін, себебі көп жағдайда балалар тесттің бірінші сөзін ғана оқып, сөйлемді соңына дейін қарамай, жауапты таңдай салады. Егер сұрақтың жауабын білмесең немесе күмәндансаң, оны белгілеп қой да, кейін барлық тапсырмаларды орындағаннан кейін сол сұраққа оралып, қайтадан істеп көр. Егер берілген уақытта сұрақтарға жауап бере алмай жатсаң ең мүмкін деген жауапты таңда не интуицияға жүгін. Емтиханды сәтті тапсыру көбіне баланың көңіл-күйіне және соған ата-анасының қатынасына байланысты. Балаңыздың емтиханда алатын ұпай саны сізді мазаламайтынын көрсетіңіз. Ұпай саны білімін толық көрсете алмайтынына сендіріңіз.

Есіңізде болсын. Негізгісі – уайымын, үрейін төмендету. Баланы қобалжу мен қорқудан арылтып, оның дайындалуына қолайлы жағдай жасау.

Мамандық таңдауда ата-ананың рөлі қандай болу қажет?

Мамандық таңдау – әр адамның ең маңызды шешімі. Дегенмен таңдау жасауға Жүсіпбек атамыздың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл – жай күнелту, асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген сөзін бағыт сілтер те-

мірқазық деп алсақ болады. Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке қажет.

Мамандық таңдау – өте жауапты және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Дұрыс таңдаған мамандық адам өміріне жағымды әсер қалдырып, өзін-өзі құрметтеу, өмірге құлшыныс сезімдерін арттыра түседі. Барлығымыз да баламыздың болашағы сәтті қамтылғанын қалаймыз. Ата-аналар сабаққа және ашық іс-шараларға қатысу арқылы өз баласының бейімін мүлдем басқа қырынан көреді. Мамандық таңдау бойынша оқушылар мен ата-аналарға мына төмендегідей жаднама ұсынылады. Мамандық таңдау – өте жауапты іс. Мамандық таңдай отырып, алдымен, баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

- Балаңызға болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.

- Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.

- Мамандық тандар кезде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.

Қорытындылай келе бүгінгі мектеп пен отбасының немесе мектептің отбасына ықпал етуінің негізгі формаларын таңдай отырып, жүйелі жұмыс жасасақ, үлкен нәтижеге қол жеткізеріміз анық. Өсіп келе жатқан жеткіншек, ереже бойынша, өмірлік үлгіні ата-анадан алады. Олар ата-анасының өмірлік үлгісін бағалап, құрмет тұтады. Оларға өмір сүру үшін махаббат және көмек қажет. Жас ұрпақты бар мейірімі мен күш жігерін сарп етіп, болашақ еліміздің тұтқасы болуына ата-ана еңбек етсе, болашақтың тізгінін ұстар, халықтың үмітін ақтар, дені сау, білімді де саналы ұрпақ өседі.



Біліктілік – сапалы білім баспалдағы



**Нұржан
Қожадиясқызы
САТЫБАЕВА,
№32 жалпы білім
беретін мектебі
директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, физика
пәні мұғалімі,
магистрант.
Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.**

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі — сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашылық белсенділіктерін ойлау қабілетімен ұштастыра білетін, өз бетімен білім алуға деген қызығушылығы жоғары тұлға тәрбиелеу.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Білімді, сауатты адамдар — бұл ХХІ ғасырдың адамзат дамуының негізгі күші» деген сөзі әрбір мұғалімнің басты бағытына айналып отыр. Заман талабына сай білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, тәжірибесінің шындалуына байланысты. Бұл орайда сабақ өткізудің әлемдік тәжірибедегі Кембридждік оқыту жүйесінің үш деңгейлік курстың ұйымдастырылуы білім сапасын арттыруда маңызы жоғары деп санаймын.

Мен деңгейлік бағдарлама бойынша курсты аяқтап келдім. Бүгінде курстан алған білімім бойынша жұмыс істеудемін. Курстан алған әсерім мені әр оқушының бір қырын ашуға, қабілет, танымын көре білуге ұмтылдырып отыр десем артық айтқандық емес. Осы курстан алған, үйренген әдіс-тәсілдерім арқылы оқу мен оқытудағы инновация — білім сапасын арттырудың нағыз жолы екенін күнделікті сабақ барысында көз жеткізе түскендеймін. Сонымен қатар мен үшін әрбір оқушының өз ойы мен пікірінің құнды екенін өзім ғана емес, сыныптағы барлық оқушының түсіне бастағаны мені қуантады. Жаңаша оқыту — жарқын болашақ кепілі, жаңаша оқыту — оқушылардың білім деңгейі мен іскерлігін қалыптастыруды мақсат

етіп қоймайды, сыни тұрғыдан ойлау, пайымдау үстінде алғырлығын, тапқырлығын, анализ және синтез жасау дағдыларын қалыптастырады. Курстан алған білімімнің басты мақсаты мен нысанасы — білім берудің ғылымилығын арттыру, оқушылардың танымы мен өзіндік болжам жасау, шешім қабылдау, өз пікірін дәлелдеу үшін оқыта отырып, ойландыра, жаздыра отырып, пікір қалыптастыруға, тұлғалық дербестігін жетілдіруге қол жеткізу. Сабақ өткізу бағытында сабақтың сапасын, мазмұнын, әдістерін жаңа деңгейге көтеру мақсатында жұмыс істеудемін. Сындарлы оқытуда оқушының ой-өрісінің дамитынын, бұрынғы және мұғалімнен алған білімін жаңа мәліметтер, оқулықтан достарынан алған білімдері арқылы астастырып, толықтырып отыратынын байқадым. Сабақ үрдісінде «Топтастыру», Интербелсенді, кері байланыс әдістері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың бірден-бір жолы болып отыр. Оқыту мен оқудағы әдістер арқылы топтық және жұптық жұмыс жасау мен үшін қызықты әрі оқушылардың белсенділігін арттыруда. Сонымен бірге топтық жұмыс оқушының бойында қайырымдылық, мейірімділік қасиеттерінің қалыптасуына үлкен ықпалы бар екенін көруге болады.

Мен әр сабағымда сабақтың ұйымдастыру кезеңінің ерекше болуына баса көңіл бөлемін. Психологиялық дайындық, көңіл-күйдің жоғары болуы сәтті де көңілді сабақтың бастауы болады деп есептеймін. Сондықтан да сабақтың түрлі көңілді жайттармен, қызықты тренингтермен басталуына ерекше дайындаламын. Осы кезеңмен үндесе келетін қызығушылықты ояту кезеңінде сабақ тақырыбына сай тапсырмаларды дайындап, оқушының аса қызығушылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасаймын. Мен үшін бұл кезеңдер сабақтың сапалы, мазмұнды өтуіне үлкен әсер беретін, сапалы білімге қол жеткізе алатын, шығармашылық қабілеттің оянуына түрткі болатын кезең деп санаймын. Бұл технологияның ықпалының нәтижесінде әр оқушы өзін басқалармен бірдей сезіне алады, сыныпта теңдік қатынас орнайды. Сонымен



қатар оқушының бойында сенімділік, бір-біріне деген жақындық, ынтымақтастықтың қанат жаюы да осы әдістің нәтижесі деуге болады. Әр оқушының бір-біріне ұқсамайтын қасиетін көре білу, оны ашуға ұмтылу, жеке дербестігін жетілдіру — менің алдыма қойған басты мақсаттарымның бірі. Осы мақсат бағытында оқушыларымды шешім қабылдауға, ойын бүкпесіз айтуға дағдыландырудамын. Бүгінде бұл еңбегім нәтижесіз емес. Оқушылар өз жұмыстарын тексеріп, қорытынды шығара алады. Мәтіндер арқылы мағлұматты талдай алады, ойын жинақтаумен бірге тез қорытынды шығарып, түйін жасай біледі. Сонымен бірге бір-бірінің пікірін тыңдауға үйренді, өзін-өзі бағалауды, топтық жұмыста жұмыс істеуді меңгере бастады. Бұл аталған жұмыстар мен сабақ беретін 7, 8, 9-сынып оқушылары арасында дағдыға айнала бастады. Бұрынғыдай өзімшілдік жойылып, бір-біріне деген өзара жарасымды қарым-

қатынас орнай бастағанын байқауға болады. Менің байқағаным, оқушылар өзін-өзі бағалауға қатты қызығады. Олар бұл сәтте өздерін жеке тұлға ретінде сезініп, үлкен жауапкершілік тұрғысында қарайды. Оқушының өзін бағалауға мүмкіндік бере отырып, кездескен кемшіліктерді оқушының өзінің түзетуіне ықпал жасап отырамын. Қазіргі кезде сабақ барысында оқушылардың жетістігін бірнеше критерийге сай бағалауды жүргізіп келемін. Сонымен бірге «Төрт жақты күнделік стратегиясында» оқыған мәтіндері бойынша ақылдаса жұмыс істеу арқылы бір шешімге келуді үйрене отырып, еркін сөйлеуге қол жеткізе бастады.

Әр баланы жеке тұлға деп танып, оның пікірімен санасу, оның көзқарасы мен сеніміне сенім қосу, қызығушылығы мен ынтасын арттыру мен үшін және мен сияқты барлық ұстаздар үшін ең басты абыройлы міндет деп білемін.



Заман талабы – қашықтан оқыту



**Ернар Каирлиевич
РАХИМБАЕВ,
«Жезкент орта
мектебі» КММ қазақ
тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.
Бородулиха ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

Замана, шаруа мінезі күнде өзгерді... Еш нәрсе өз орнында тұрмақ емес, барлығы да өспек, өнбек, өзгермек. Ғасыр соңы жаңа заман бастаған еліміз бір сілкініп, рухани тұрғыдан жаңғыруға бет бұрды. ХХІ ғасыр — жайбасардың жағасынан алатын, сылбырды сынына салатын талапшыл ғасыр. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық

уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты ертегінің алыптарындай айлап, жылдап емес, сағат сайын, күн сайын өсуі, қарқындап өзгеруі ешбір ғасырда болмаған. Экономика тек қана қара алтын өндіруге тәуелді ғана емес, адам капиталына да тәуелді. Мәселен, өндіріс орнын ашып алып, оған қажетті мамандар табылмай жатса, ол өндірістің құрдымға кеткені. Елбасымыз ертеден ойланып, «Болашақ» бағдарламасы арқылы он мыңдаған жас өркенді шетелде оқытып, білім нәрімен сусындатты. Не ексең, соны орасың. Еткен еңбек еш кетпей, өз жемісін беріп жатыр. Үкілеген үмітті ақтамаған бірен-сараны болмаса, дені таптырмайтын кадрлар қатарында елімізді өркендетіп, экономиканы дамытуға өз үлестерін қосып жатыр. Елімізде елбасының бастамасымен жоғары деңгейлі университеттер, интеллектуалды мектептер жүйесі қалыптасты. Әйтсе де, білім жалпыға ортақ болу керек. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айнала-



тын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың басты факторы білім екені даусыз. Біздің мемлекетіміз білім саласына қаржы бөлуден әлемнің алдыңғы қатарлы елдерден кем қалып жатқан жоқ. Қазір білім беру ісі түбегейлі өзгеріп, жаңартылған білім мазмұны аясына ауыстырылып жатқаны баршамызға аян. Кезіндегі әлемдегі озық білім жүйесі саналған Кеңестік білім жүйесі уақыт сұранысын қанағаттандыруға қауқарсыз болып қалды. Тек қана жалаң білім емес, қоғамнан өз орнын табуға қажетті коммуникативтік қабілет пен дағдылар қажеттілігі күн өткен сайын сезілуде. Білім мен білік дағдыларын дамытатын білім туралы сөз қозғалғанда, тәрбие мәселесін айналып өту мүмкін емес. Білім мен тәрбие — егіз ұғым. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы. Адамгершілік азаматтық тәрбие, отбасын, өз ортасын, отанын, туған жерін сүюден басталады. Адам баласы — шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер — әркімнің

шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу — шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Қазақстандық ұстаздың алдында тұрған басты міндет — тек қана білім, білік дағдыларын беріп қана қоймай, келер ұрпақты өз елін, өз жерін қадірлейтін Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу - рухани жаңғырудың негізгі қағидаттарының бірі. Елін, жерін сүюге тәрбиелеу — азаматтық тәрбиелеудің басты алғышарты. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу оқу бағдарламасында қамтылған. Аймақтық компонент, туған жердің киелі жерлеріне, өлкетану мұражайларына оқушыларды апару арқылы туған жердің қасиетін оқушы жүрегіне жеткізіп санасына сіңіре береміз. Елін, жерін сүйіп өскен ұл келешектегі парасат майданында ешкімге дес бермес биік рухты азамат болары хақ.



ҚазҰУ - мүмкіндіктер мекені

Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы — әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. ҚазҰУ Республикамыздағы жоғары оқу орындарының бірі. 1934 жылдың 15 қарашасында құрылған университеттің құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми зерттеу мен орталықтар қызмет атқарады. Қазіргі таңда 180 сала бойынша мамандар дайындайтын университет — 1991 жылы 23 қазанда С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне ұлы ғалым, ойшыл және энциклопедист ғалым, «Шығыстың екінші ұстазы — Әбу Насыр әл-Фарабидің» атын алды.

Соның ішінде өзім білім алып отырған Физика-техникалық факультетіне тоқталғым келіп отыр. Физика-техникалық факультеті өзінің қалыптасуы мен даму кезінде үлкен және күрделі жолдан өтті. Алғашқы жылдардан бастап қазіргі күнге дейін қаншама түлектер білім алып, елімізді көркейтуге ат салысып жүр. Факультеттің жарқын жетістіктері, оның қызметкерлері мен студенттерінің жаңа ашуларға талпынысынан көрінді. Факультеттің аса ерекшеліктері профессор-оқытушылар құрамының шетелдің серіктес жоғары оқу орындарымен жақсы қарым-қатынас орнатуы болып табылады. Бізге, яғни студенттерге университет беретін мүмкіндіктер қаншама, шет елдерге академиялық ұтқырлық, ғылыми-конференциялар, өндірістік іс-тәжірибелер және



т.б. Факультетте қазіргі заман талабына сай халықаралық байланыс жақсы дамып келе жатыр. Франция, Ресей, Түркия, Испания, Литва, Афганистан сияқты әр түрлі елдермен студенттер тәжірибе алмасып, елімізге мықты мамандар келуде.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді. ҚазҰУ — талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ — адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп,

тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен.

Қазақстанның болашағы біздің қолымызда! ҚазҰУ армандарымызды жүзеге асыруға дайын, біздің мансабымыздың табысы — бұл ҚазҰУ-дың табысы! Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті біздің жүрегімізде мәңгі қалады және біз оның түлегі атағын мақтан тұтамыз!

Меруерт Тұрғанбекқызы БЕКЕТАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
физика-техникалық
факультетінің ЖЖТФ кафедрасының аға
оқытушысы.

Шайхыслам ТӘЖІХАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
физика-техникалық
факультетінің ЖЖТФ кафедрасының ТӘ-427
топ студенті.
Алматы қаласы.



Бағалау оқу мен оқытудағы маңызды аспектілердің бірі – критериалды бағалау жүйесін дұрыс қолданудың маңызы

Заманауи білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптардың бірі оқушылардың білімі мен білік дағдыларының критериалды бағалануы болып табылады. Қазіргі уақытта критериалды бағалау дегеніміз — оқушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын-ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі білім алушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оқушының өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады, бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды,

оқушының сабақ үрдісінде өткен тақырыпты қалай түсінгендігін мұғалімге күнделікті саралап отыруына жағдай жасайды. Осының барлығының негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс бағалаудың жалпы негізін ашады. Яғни, критериалды бағалау оқыту — тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру төрттігін басшылыққа алады. Яғни оқушы құзіреттілігіне бағытталған білім беруде жана білімді құрудағы мұғалімнің инновациясымен тығыз байланыстылығы. Құзіреттіліктердің жиынтығы, тұлғаның біріктірілген сипаттамасы болып табылады. Мұндай сипаттама оқыту процесінде қалыптасуға және білім, дағды, қарым-қатынас тәжірибесі, қызмет тәжірибесі



болуға тиіс. Білім беруде мұғалім жалпы талаптарды басшылыққа алуы қажет:

- Бірлік;
- Тұтастық;
- Толықтығы;
- Нақтылығы;
- Процессуалдылық;
- Бақылау мүмкіндігінің болуы.

Жоғары көрсетілген жалпы тараптарды орындағанда бақылау мүмкіндігі шынайы болуынан оқушының нәтижелі білім алуына жол ашылады. Ол дегеніміз, нәтижелердің айқындығы, оларды анықтау, белгілеу, өзгерту және бағалауды дұрыс тандай білу, қойылған мақсат, оны жас ерекшеліктеріне қарай ескере отырып, игеру деңгейі.

Күнделікті сабақта қолданылып отырған қалыптастырушы бағалау – бұл мақсатқа жетуді қалайтын және нақты келесі қадамдарға көрсеткіш деп атауға толық негіз бар. Себебі ол сапалық және сандық сипатталған. Белгілі бір уақыт сәтінде қол жеткізуге болатын күтілетін нәтиженің бейнесі.

Жиынтық және токсандық жиынтық бағалау – олар оқушының қалыптастырушы бағалаудағы көрсеткіштерінің нақты білім алудағы қорытынды бағалалануы – олар бөлім бойынша білімдерінің қорытындысы. Осы бағалау жұмыстарын орындалуда, оқушылардың тапсырмаларын шешу жолдарын, мақсатқа қол жеткізу қадамдарын талап етеді, бұл аралық және соңғы нәтижесі бар және жалпы мақсатқа қол жеткізуге қызмет ететін басқа да міндеттермен қатар жұмыстың бағаланатын бөлігі болып табылады.

Әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін оқушы әрбір пәннен алатын білімнің, түсініктің, шеберліктің және дағдылардың нақты сипаттамасы, оқушыны тәрбиелеу мен дамытудың нәтижелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі мектеп оқушылары көбіне сыртқы басқа тараптан алынған бақылау сынақтарында тұрақты білім жетістіктерін көрсете алмайды. Бірде жоғары болса, бірде төмен көрсеткіш көрсетеді. Біз осы мәселелердің шешу жолдарын ұйымдастыру мақсатында, мектепішілік бағалаудың бақылау шарасы

ретінде мектебіміздің даму жоспарына тәуелсіз тест құрып, Әкімшілік Жиынтық Бағалау түрін ұсынып, тәжірибемізге енгіздік. Ол жылына екі рет оқушыларға және пән мұғалімдеріне өткізіліп тұрады. Және де тест материалдары, деңгейлік тапсырмалар арқылы сарапталып, оқулық материалдарындағы тақырыптық мазмұнды жоғалтпауға тырысады. Дегенмен, мұндағы жиынтық бағалау тестілеуінің көрсеткіштері бізді тағы бір жаңа қадамға қол созу қажеттілігін туындатты. Осылайша, оқу сабақтарында барынша критериалды бағалау әдісін қолдану маңыздылығын арттыру қажеттілігі туындап, тәжірибеде бұл жұмыстар жалғасын тапты.

Мәселен мектебімізде осы тақырыпта тоқсанына бір рет коучинг көшбасшылық топпен жүргізіліп тұрады. Мұнда тәжірибе алмасу, тарату және сабақтардағы критериалды бағалаудың қолдану аймағын кеңейту ретінде жүзеге асырылуда. Сондықтан, бағалау үдерісінде критериалды бағалау түрін қолдану біздің оқушыға да мұғалімдерге де жаңа бағалау әдісі ретінде қолданылғандықтан, біз мектеп тәжірибесінде кезеңдік жолмен қолданып отырмыз. Оқушыға алдымен критерийлер арқылы жұмыс талабын мұғалім көмегімен ұғындыруды толық меңгертіп барып, оларға өздері де жасауға, ортақ қатысуға болатындығына еркіндік береміз. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау – педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе екені анық.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау-білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген кешенді үдеріс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие;
2. «Жалпы білім беретін мектеп»



мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы» Астана 2016. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс-тәсілдері;

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту

үшін бағалау және оқуды бағалау», 55-бет, 107-бет.

Айнаш Керейбаевна КУРМАНБЕКОВА,
№64 мектеп-лицей директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары.
Нұр-Сұлтан қаласы.



Қ. Бітібаеваның М. Әуезов шығармаларын оқытудағы технологиясы



**Мейрамкул
Истилеуовна
БУЛЕБАЕВА,**
**№37 жалпы білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
мұғалімі.**
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.

Халқымыздың бүгінгі тарихында, мәдениеті мен әдебиетінде М. Әуезовтің алатын орны ерекше. М. Әуезов қазақ мәдениеті мен әдебиеті үшін дара тұлға. Әлемнің жазушылары мен ғалымдары жоғары баға берген Әуезовтің шығармашылық мұрасын бүгінгі және болашақтағы ұрпаққа таныту — әдебиеттегі маңызды мәселелердің бірі. Әр шығармасын оқыту үшін үлкен дайындық, үлкен жүрек пен сезім қажет. М. Әуезов шығармаларын зерттеуші жазушы-ғалым Т. Жұртбайдың сөзімен айтсақ: «Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолының өзі қазақ мәдениетінің рухани тарихындағы құбылыс. Ол сан-салалы және жинақтай зерттеуді қажет етеді».

Жазушының шығармашылығына арналған зерттеулер негізінен жекелеген ғылыми тақырып пен жанрлық, теориялық, танымдық тұрғыда жеке дара қарастырылады. Алайда М. Әуезов шығармашылығын мектепте тұ-

тас оқыту, жасөспірімдерге таныту, рухани жан дүниесіне бойлату мәселесі әйгілі ұстаз, әдіскер Қ. Бітібаеваның еңбектеріне дейін арнайы жазылмаған. Тек М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқытудың жолдары мен талдаудың түрлері белгілі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде ғана кездесетін. Осы тұрғыдан алғанда, Қ. Бітібаеваның еңбектері мектеп мұғалімдері үшін әдістемелік жағынан құндылықтарымен ерекшеленетін аса қажетті еңбектің қатарына саналады.

М. Әуезов шығармашылығын қалай оқыту керек, оны жастардың бойына қалай сіңіру керек, осы мәселе әр ұстазды ойландырады. М. Әуезов шығармашылығын оқытуда Қ. Бітібаева технологиясына сүйенсек, оқытудың тиімді жолдарын іздеу бүгінгі оқыту үрдісінің талап деңгейінен туындайтынына көзіміз жетеді.

Орта мектепте М. Әуезов шығармаларын оқытуды тұтастай қарастырып, іргелі еңбек жазған Қ. Бітібаева «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» атты оқу құралында: «Әдебиет пәні жас жеткіншектерге жай ғана білім беріп қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы — жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын — адам бойындағы асқақ арман, берік сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Бұл пән жас ұрпақ-



ты мақсатты өмір сүруге үндейді, оны туған анасын сүйуден Отанын сүйуге, бүкіл адамзатты сүйуге дейін жетелейді», - дейді.

Жазушының өмірбаянынан бастап, әңгімелері, драмалық туындылары, «Абай жолы» эпопеясын оқытудың инновациялық технологиясын тұтас қарастырады. Мысалы, М. Әуезов өмірін өтудегі сыр-толғау, ой толғаулар, Абай, М. Әуезов атына жазылған өсиет хаттар, сөзбен жазылған ескерткіштер, сауалнамалар, т.б. Бұл шығармашылық жұмыс-

тар бүгінгі технология талаптарының мақсатынан туындайды. «Абай жолы» эпопеясы сияқты аса ірі туындыны оқыту мектепте М. Әуезовті таныту ғылымына қосылған сүбелі ізденіс деп айтуға болады. Ең алдымен ұстаз «Абай жолын» тереңдете оқытуды негізгі ұстаным ете отырып, оны меңгертудің жеңіл, оңтайлы жолдарын қарастырады. Мысалы, әр кітаптың әр тарауы бойынша жасаған дидактикалық материалдары өте тиімді болып құрылған.

I кітапта

Тараулар	Ең басты оқиғалар	Абайдың іс-әрекеті	Жазушының көркем тәсілі
1. «Қайтқанда»	Елге оралу. Қодар мен Қамқа өлімі	Қодар мен Қамқа өлімін көріп қорқып, ауырып қалады.	Баяндау, суреттеу. диалог
2. «Қат-қабатта»	Абайдың Қарқаралыда Шөже ақынды алғаш көруі. Шөженің өткір сынға толы өлеңін естуі, оның әсері.	Шөже өнеріне сүйсінеді, әрі әкесі үшін қатты ұялады. Шындықты мойындайды.	Авторлық баяндау, кейіпкер іс-әрекеті
3. «Жолда»	Бөжейдің батасы, сәби Кәмшатты аянышты халде көруі	Кәмшатқа байланысты әкесіне алғаш қарсы шығуы	Суреттеу, баяндау, диалог

Бұл көмек-нұсқаулар оқушыларға ең негізгі мәселелерді дөп басып табуға, алдарындағы проблемаларды жеңіл ше-

шуге түрткі болады. Құнанбай бейнесін ашуда салыстыра талдау сызбасын берген.

Эпопеядағы Құнанбай	Соңғы кездегі зерттеулердегі Құнанбай	Қорытынды пікір

Абай бейнесін мына проблемалар арқылы түсіндіреді:

Абай – гуманист;

Абай – философ, терең ойшыл;

Абай – ақын, өнер шашушы;

Абай – күрескер...

Мәтінмен өзіндік жұмыс. Салыстырмалы талдау

Қарсыластары Абай туралы		Жақтастары Абай туралы		Абайдың пікірі		Абайдың пікірі
Оразбай	Тәкежан	Дәркембай	Дәрмен	Оразбай	Тәкежан	Дәркембай

Бір тақырыптың өзіне бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдану сабақтың мәнін аша түседі. Мысалы, реплика-диалог, интервью-сұхбат, монологты баяндама, жазба жұмыстарының түрлері, әр түрлі салыстыру жұмыстары. Мәтіндегі жұмыстың сан алуандығы, әдеби пікір таластар, пікір қорғау жұмыстары ұстаздың терең білімі мен жаңашыл ізденісін танытады. Қосымша материалдардың тақырыпқа сай ең негізгісін үлестірмелі қағаздарға жүйелей та-

рата отырып, оны бірнеше топқа ыңғайлап беру, 5-7 минут аралығында оны меңгерту тәсілдерін пайдалану – сабақтың ұтымды тұсы.

Эпопеяны оқытудағы Қ. Бітібаеваның тиімді әдісі – проблемалық оқыту.

Мұғалімнің проблемалық сұрақ қоюы арқылы оқушыларға ой салу және ойлану тәсілі әр оқытушыға үлгі болары анық. «Көркем мәтінді оқытудың барлық түрін төменгі сыныптан кіргізіп, оқушыны оқырман етіп жетелеу



де – мектеп мұғалімінің ең басты борышы», - деп талап қояды. Мәтінді құр оқытып қана қоймай, талдауға оқушыны төменгі сыныптан жетелеу керек екенін ескертеді. Мәтінге сұрақ қою, әңгімелесу, пікірлесу, мазмұндату әдістері арқылы жұптық жұмыстар түрлерін береді.

«Абай жолы» эпопеясын образдар жүйесіне қарай сұрыптап оқытуда шығармадағы кейіпкерлерді топтарға бөліп жинақтап талдаудың үлгісін пайдалану ұтымды. Мысалы, эпопеядағы әйелдер бейнесінің өзін бірнеше топтарға бөледі. «Қарашығым, қоңыр қозым, Абай жаным...» - аналар бейнесі (Зере, Ұлжан), «Жарқ етпес қара көңілім...» Абайдың ғашықтары – Тоғжан, Әйгерім бейнесі, «Жолыңа жаным құрбан...» феодалдық қоғам құрбандары – Үмбетей, Керімбала, «Күндес-

тің аты күндес...» - Ділдә, Айғыз, «Ықтиярлы, ықтиярсыз қапастағы еркелер...» - Абайдың сырлас досы – Салтанат, ер мінезді Нұрғаным, Еркежандар, «Айналайын, апа-ай, босағада шіріп кеттің-ау...» - есіктегі әйелдер, Иіс кемпір деп әйелдер бейнесін топтап ашып суреттеу тиімді.

Қ. Бітібаева «Абай жолы» эпопеясын оқытудың тиімді жолдарына мәтінмен жұмыс, диалогтық әңгіме, әдеби пікірталас сияқты әдістерді алады. Жазушы шеберлігіне, оның көркем тіліне, тақырып пен идеяға, сюжет пен композицияға, портреттер мен мінезде-мелерге әдеби-теориялық талдау жасатады. Әдіскер ұстаз оқушыларға мәтіннің мазмұнын ғана білдіріп қоймай, әдеби-теориялық тұрғыдан білім алуын көздейді.

Бағдарлы оқытудағы педагогикалық технологиялар

Бағдарлы оқыту – бұл жалпы білім беретін мектептің жоғарғы буынында оқытуды дара-лауға, оқушыны әлеуметтендіруге, сонымен бірге мектептің жоғарғы сатысы мен орта және жоғарғы кәсіби білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған арнайы дайындау жүйесі. Бағдарлы оқыту жалпы орта білім берудің жоғарғы сатысында оқушыларды саралау жүйесі ретінде қарастырылады. Оқыту бағдарламалары оқушылардың қабілеттіліктерін дамытуға бағдарлануы тиіс. Пәндерді тереңдетіп оқытуға қарағанда бағдарлы оқыту барлық оқушылар үшін және олардың қызығушылықтары ескеріле отырып ұйымдастырылады. Білім беру мазмұнын құрудың бағдарлау принципі мектепте жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытудай емес, ауқымы кең білімдік кеңістікті құруға бағытталған. Бағдарлы оқытуды ұйымдастыру бағдарлау процесінің екі құраушысын еске-

реді: бағдарлау бағыты және оқыту бағдары. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде оқытуды бағдарлау қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарында жүзеге асырылады. Мектеп оқушылардың қажеттілігі мен ата-аналардың сұранысын ескере отырып, бір немесе екі бағытты бірдей таңдай алады. Оқушылар таңдаған бағыттары бойынша физика-техникалық, экономика-математикалық, химия-биологиялық, география-экологиялық, көркемдік, лингвистикалық, тарихи-құқықтық бағдарларда білім ала алады.

Бағдарлап оқытудың негізгі міндеті – оқушылардың саналы кәсіби таңдау жасауларына ықпал ету. Сондықтан бағдарлап оқытудың маңызды құраушысы негізгі мектептің 9 сыныбында ұйымдастырылатын бағдаралды дайындық болып табылады. Ол келесі үш бөліктен тұрады:



- Кәсіби бағдарлау бойынша ақпарат беру.
- Кәсіби бағдарлау бойынша таңдау курстарын ұйымдастыру.
- Психологиялық көмек беру.

Бағдаралды дайындық нәтижесінде оқушы мектептің жоғары сатысында оқу бағдарының бағытын саналы да сенімді түрде таңдау жасай алуы тиіс.

Үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби білімді және жас мамандардың рухани қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қамтылды. Оның ішінде ақыл-ойы терең дамыған, парасатты, тұлғалық, адами қасиетті, танымдық қызығушылығы биіктен көрінетін кәсіп иесін дайындау ісінде сабақтастық мәселесін көптеген шетелдік және отандық ғалымдар зерттеген болатын.

Э.А. Баллер еңбектерінде сабақтастықты бір және бірнеше деңгейде қарастырып «Преемственность для каждого данного процесса будет всегда иметь специфический характер» - деп аталатын еңбегі жарыққа шыққан болатын. *Оқытудағы сабақтастық* - оқу бағдарламасында қарастырылған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру.

Сабақтастық дегеніміз, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі.

Ө. Бидосов «Сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату. Балалар білім икемдігі мен машықтарын пайдалану және одан әрі дамыту кезінде олардың оқу ісінде әр алуан байланыстар орнату, жаңа білім мен бұрынғы білімді өзара байланыстыру» деген болатын.

Бейіндік білім беру – оқушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауын қамтама-

сыз ететін, оқытудың даралануы мен саралануын жүзеге асыратын жалпы орта білім беруді аяқтау кезеңі. Бұл оқыту әрекетінің ұйымдастыру жүйесінде жоғарғы сынып оқушыларының қызығушылығы мен талабы, қабілеттері ескерілген жағдайда оқушының танымдық, болашақ кәсіби бағдарына сәйкес дербес дамуына жағдай жасалады. *Бейінді оқыту* – білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру.

Қазіргі заманғы технологияның құрамына өндірістің техникалық басқаруы да кіреді. Өндірістік үдерістің бейнесі, оның орындалу барысындағы құрылымы, технологиялық ережелер, талаптар, карталар, графиктер және т.б. технология қатарына жатқыза аламыз. Оқыту технологиясы, адамның белсенді өмірінің тиімді нәтижеге жетуінің шарты болып табылатын көпжақты және үздіксіз білім алуын қамтамасыз ететін үдеріс болса, *педагогикалық технология* Б.Т. Лихачевтің анықтамасы бойынша: оқыту мен тәрбиелеу құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы. Білім берудің мақсаттары қоғам өмірінің мақсаттарымен тікелей байланысты. Өмір білім беруді нақтыласа, білім өмір сүруге тікелей әсер етеді. Білім беру мен өмір сүру мақсаттары өзара байланысты және бір-біріне тәуелді.

Инновациялық оқыту түрлері мен әдістеріне: «*ой арқылы шабуылға шығу*», «*кейс-стадия*», «*жобалау әдісі*», «*swot – анализ*», «*матрица идеясы*», «*автомобиль әдісі*», «*экибана*», «*генеалогиялық ағаш*», «*сервировка әдіс*» және т.б. жатады. Мектептегі оқытудың негізгі формасы сабақ болса, жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың формасына дәріс, семинар, лабораториялық сабақтар жатады. Сонымен қатар, оқытуды ұйымдастыру ойын, дебат, дөңгелек үстел, конференция т.б. түрінде жүзеге асырылады. Қазіргі оқыту мен оқу ойындары оқу үдерісінде



компьютердің қолданылу аясын кеңейтетін мультипликацияны, видео, графиктер мен текстерді қолдануға мүмкіндік беретін мультимедиялық технологияларсыз мүмкін емес. Алайда бағдарламалық өнімдермен жұмыс сапасы компьютер жадысының көлеміне және жылдамдығына, дыбыстық сипатына, қосымша жабдықтардың, соның ішінде CD-ROM-ның болуына байланысты.

Педагогикалық технология — ретті және үзіліссіз өзара байланысты компоненттердің, этаптардың педагогикалық үдеріс пен оның қатысушыларының әрекеттерінің қозғалысы. А.С. Макаренко тәрбие үдерісін ерекше ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деп қарастырып, «тәртіп техникасын», «педагогтің оқушымен сөйлесу техникасын», «өзіндік басқару техникасын», «жазалау техникасын» дамыта аламыз дейді. Олай болса, бағдарлы оқыту бағдарламаларын педагогикалық технологиялар негізінде оқыту арқылы біз жоғары сынып оқушыларының білім, білік, дағдыларын қалыптастыра аламыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика, әлеуметтік педагогика, өзін-өзі тану тарихы: оқу құралы/ Ж.Р. Баширова, Р.К. Бекмағамбетова, Н.С. Әлқожаева, Н.С. Жубаназарова, Ұ.Б. Төлешова — Алматы: Қазақ университеті, 2012. — 248 б.
2. А.К. Мынбаева Педагогика высшей школы: раздаточный дидактический материал (схемы, информация, тезисы). — Алматы, 2008.
3. Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 2009 — 126 б.

**Бауыржан Өмірбекұлы
БЕРДІБАЙ,**

**№17 Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектеп
директорының бағдарлы оқыту жөніндегі
орынбасары.**

**Қазалы қаласы,
Қызылорда облысы.**



Жеке тұлғаның дамуындағы басты бағыт – өзін-өзі тану



**Бибисалим
Мадиахуновна
УМАРОВА,
№32 жалпы білім
беретін мектептің
өзін-өзі тану пәні
мұғалімі.
Түркісіб ауданы,
Алматы қаласы.**

Тұлға туралы шынайы ғылыми тұжырым — ол адамның қалыптасуы нақтылы әлеуметтік жағдайда іс-әрекетпен байланысты

болатындығында. Тұлға дамуының және қалыптасуының ғылыми негізін психолог Д.Б. Эльконин екі бағыттың бірігуінің нәтижесі деп түсіндіреді. Олар: танымдық және жеке тұлғалық. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттардың бірі — қоғамға пайдалы, мемлекетіміздің болашағы үшін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін ұрпақ бойында парасаттылық пен адамгершілік, биік мәдени деңгейі жүйелі қалыптасу үшін «өзін-өзі тану» пәні дүниеге келді және оны оқытып, білім мен тәрбиелік өнеге беру аса жауапты міндет-



тердің қатарына жатады. Жалпы адамзаттың және ұлттық рухани құндылықтарды меңгеріп, адами абзал қасиеттерге үйрету негізінде мектеп бітірушінің құдіреттілігін қалыптастыруда өзекті де ұлағатты іс екенін көрсетіп отыр. Оқушыларды күтілетін нәтижелерге қарай іздендіре, өзін таныта отырып білім беру бағытын ұстану, өзіндік таным жолын, шығармашыл, ізденіс жолын таңдау дұрыс болады.

Өзін-өзі тану арқылы жеке тұлға:

- жалпы адамзаттың құндылықтар мен ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиеттер мен мінез-құлық нормаларын меңгеріп, өзінің өмір жолында басшылыққа қолдана білуге;

- өз отбасы мүшелерімен, өзі әрекет ететін ұжымдас тұлғалармен, қоғам мүшелерімен табиғи ортамен жағымды қарым-қатынас жасап, үйлесімді әрекет етуге, адал еңбек етуге, өз мәртебесін білуге;

- кез келген нақты және күрделі жағдаятқа байланыста жақсы мен жаманды оң бағалап, өз ұстанымдарын сақтай отырып, пікір қорытып айта білуге;

- өзін-өзі жетілдіруге, ақпараттық және коммуникативтік технологияларды ұтымды пайдаланып, шығармашылықпен өнімді еңбек етуге;

- өзінің мінез-құлқын, дене бітімін және психикалық жайын басқарып, салауатты өмір сүруге, қоршаған әлеммен үйлесімді қатынас орнатуға тиіс.

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседі бір жаңалық болуы керек», - деген Ж. Аймауытов.

Сабақта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерімен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді.

«Өзін-өзі тану» пәні болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын бойына сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды,

адамгершілік принциптерді, мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген.

Тұлға — адамның келешек өмірінің қалыптасу жобасының келбеті. Адам тәрбие негізінде жетіліп, қалыптасады. Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі белгілі, ал оны жүргізу педагогикалық-психологиялық тұрғыдан шеберлікке байланысты. Бала тәрбиесі білім арқылы жетіледі. Әр баланың өзіне тән мінез-құлқы, психологиялық ерекшелігі бар.

Қазіргі талап шығармашылығы қабілетті тұлға жайлы болса, ұлы педагог Ф.И. Достоевский: «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе-өзің бағын, өзіңді-өзің тани біл», - деген еді.

Жалпы алғанда «өзін-өзі тану» пәні жеке тұлғаның жан-жақты дамыған ешкімге тәуелді емес, өзін-өзі бағалай, жетілдіре алатындай, өзінің бағыт-бағдары тәуелді болатындай, өз бетінше шешім қабылдай алып, өмір сүре алатындай бағыт ұстануын қамтамасыз ететіндей әрекет ету керек. Жалпы мәдениеттің негізі сол кезде қаланады, өзін-өзі тануға қызығушылығы артады, дербестілігі дамиды.

Балалар өзінің жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерін түсіне бастайды. Баланың адамгершілік сезімдері, эмоциялары, өзара қарым-қатынастары туралы түсініктері келмейді.

Оқушы алдында тұрған міндеттердің шешімін табуға, жағдаяттарды тез арада шеше білуге өз пікірін еркін, ашық айтуға, сондай-ақ сыныптастарымен және ұстаздарымен жағымды қарым-қатынастар орнату қажеттігін түсінеді.

Өзін-өзі тану арқылы мұғалім әр баланың дербестігінің дамуына ықпал етуі тиіс. Педагогикалық үрдіске қатысушылардың эмоциялық қарым-қатынастары мейірімділікке, ізеттілікке, сенімділікке жетелейді.

Эмоциялық біліктілік өз сенімдерін танып білуге, өз әрекеттерін түсіндіре



алуына, өзгелердің әрекеттері мен көңіл-күйлерін тани білуіне көмектеседі.

Әрбір баланың әр түрлі іс-әрекеттерге түсінуіне, әр түрлі адамдармен қарым-қатынасының ұлғаюына байланысты, оның шығармашылық, парасаттылық және эмоциялық потенциялының дамытылуына ықпал ететін жағымды қарым-қатынасқа сұранысы қалыптасады. Оқушының мұндай ерекшеліктері мұғалімнің барлық уақытта өз оқушысына үлгі болуы керектігін талап етеді. Мұғалім, жақсылық туралы айтып қана қоймай, өзінің өмірде нағыз мейірімді болуын, еркін қарым-қатынас жасауға ықпал етуін және өз мінез-құлқына жауапкершілікпен сезінуі тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, өзін-өзі танудың негізгі мақсаты, бағыты-оқушылардың жалпы азаматтық құндылықтарды меңгеруде өзіне жағымды қарым-қатынасының, өзін жүзеге асыруын, сондай-ақ әлеуметтік-

тұлғалық мәнге іс-әрекеттерде өзін-өзі дамытуға сұранысын дамытуы.

Әрбір тұлға өзін-өзі сынай, бағалай білу арқылы өзінің сыртқы бейнесінің, өзін, өз орнын, өз қасиетін тани білуге ұмтылуы тиіс. «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің кемшіліктерім, жетістіктерім» сұрақтарына жауап беру арқылы тұлға өзін-өзі бағалай білуді үйренеді.

Нәтижесінде әрбір тұлға өз-өзін құрметтей отырып, өз ісіне талдау жасап, өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайды.

Өзін-өзі тану арқылы жеке тұлғаның бойындағы адами құндылықтар, оң қалыпты дәрежеде қалыптасуы тиіс.

Әрбір тұлға өзін-өзі тани отырып, жан-жақты дамыған, рухани адамгершілігі мол, бір-біріне сүйіспеншілікпен, құрметпен қарайтын, өмір сүруге деген құштарлығы жоғары жеке тұлға болып қалыптасады.

Париж конвенциясы және жасыл экономика

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз қызметіне кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі — көпшіліктің көкейіндегі мәселе. Сондықтан елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет. Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек», — деген еді. Осы бастаумен елімізде жаңа министрлік құрылды: Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Кейін Президент Экология, геология және табиғи ресурстар министріні қабылдаған кезде халықтың экологиялық мәдениетін арттыруды тапсырған болатын.

Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында экологияға пайдалы технологияларды,

өндірістерді дамыту саласында білікті мамандарды дайындау елімізде жоғары білім беру мекемелері, оның ішінде еліміздің ең үздік университеті, білім ордасының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атқарып жатқан қызметінің үлесі зор. Университеттің физика-техникалық факультетінде болашақ әлемге пайдасын, еліне пайдасын тигіземін деп оқып жүрген жас ғалымдар жеткілікті. Елімізді экологияландыру саясатына көшу тірегі алдымен нормативтік негізін құру. Факультеттің жылу физика және техникалық физика кафедрасының стандарттау және сертификаттау мамандығы аясында аталған нормативтік негіздерді дайындау үшін мамандар оқытылуда. Кафедраның аға-оқытушысы Мереке Бауыр-



жанқызы мен магистранттары халықаралық тәжірибе негізінде парникті газдарды реттеуде зерттеу жүргізуде. Уақыттың қиындығына қарамастан санитарлық қауіпсіздік талаптарын ескере отыра жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру дәстүрлі түрде өтіп жатыр.

Мемлекет саясаты қоғамдық сананы және ұлттық заңдылықты анық айқындаған болатын. Экономиканы экологияландыруда экономиканың барлық саласындағы экологиялық фактор интеграциясының экономикалық құрал-саймандарын енгізу ойластырылады. Бұл дегеніміз, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын дамытудың кез-келген бағдарламалары мен жобаларының, өндіріс күштерін орналастыру тәсілдерін қала құрылысы жобаларды әзірлеуде міндетті түрде олардың қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығына әсерін бағалау мәселелері қарастырылатынын аңғартады. Өндірістің қарқынды дамуымен қатар, оның қоршаған ортаға кері әсерін де бақылау қажет.

2020 жыл әлемді дүркіреткен коронавирус індетінен басталды. Дүние жүзінің барлық мемлекеттері дерлік карантиндік шектеулер орнатуға мәжбүр болды. Ал біздің елімізде болса ең алдымен төтенше жағдай жарияланып, кейіннен қатал карантин тәртіптеріне көшті. Қазіргі уақытта бұл індетпен күрес әлі де жалғасуда. Бірақ осы шектеулерге байланысты қоршаған ортада көптеген өзгерістер де байқалды. Экология қалпына келе бастады десек өтірік болмайды. Алысқа барудың қажеті жоқ, Алматы қаласында наурыз бен мамыр айлары аралығында қаладағы шектеулерге байланысты көліктер азайған кезде қаланы күнделікті басып тұратын түтін тұман ізі қалмады. Әрине көліктерден басқа да ластаушы техника мен өндіріс жеткілікті. Бірақ осындай шағын мысалдан адамзаттың қоршаған ортаға деген кері әсері орасан зор екенін анық байқаймыз.

Жалпы адам баласы өз өмірін жеңілдету үшін үзіліссіз даму жолында. Соңғы екі ғасыр ішінде алғашқы өндірістік төңкерістен бастап қазіргі уақытқа дейін технологиялық даму бұрын соңды болмаған дәрежеге жетті. Бұл жайт адамзатты көптеген жетістікке әкелді. Алайда технологиялық және өндірістік дамудың оң жақта-

рымен қатар теріс салдарлары да бар. Әсіресе қоршаған ортаға тиген зардабы қазіргі уақытта экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюына әкелді. Сөзсіз бұл жағдайдың соңғы 50 жылда ушығуына себепшілердің бірі нарықтық қатынастың алға шығуы. Бұл мәселенің шешілуі тек қана Біріккен Ұлттар Ұйымының басқаруымен барлық елдердің қатысуы арқылы мүмкін. Экологиялық мәселелердің ғаламдығы оны шешу үшін барлық мемлекеттердің жігерін жұмылдыру қажеттігін тудырды.

Жанғыш қазбаларды өртеу және басқа да өнеркәсіптік үрдістер әсерінен бөлініп, атмосферада жинақталатын көмір қышқыл газы (CO_2) және басқа да парникті газдар парникті эффектін пайда болуына алып келді. Парникті эффект механизмі қарапайым: Жер бетіне келетін күн сәулелері шығарылатын жылу энергиясы атмосферада аталған парникті газдармен сіңіріліп (CO_2 жылу энергиясының 18%-ын сіңіреді) температураның көтерілуіне алып келеді. Оның орнында атмосфералық газдар (азот, оттегі, су парлары) жылу сәулелерін сіңірмей керісінше оларды шашыратады. CO_2 -нің концентрациясы жыл сайын 0,8-15 мк/кг-ға көтерілуде. Зерттеулер бойынша CO_2 -нің мөлшері ауада екі есе көбейсе, орташа температура 3°C - 5°C -қа көтеріледі.

Қазақстан алдағы 30 жылда төмен көміртекті саланы дамытуға күш салмақ. Осыған орай 2015 жылы өткен Париж келісіміне жиналған мемлекет басшылары ортақ тұжырымға келген болатын. Жалпы тарихқа назар аударсақ, мұндай саммит пен жиындардың халықаралық мәні бар екенін байқауға болады. Өйткені кез келген проблеманы шешу үшін мұндай кездесулердің маңызы жоғары.

Әрине бәрі де адамзат үшін, адамның игілігі үшін жасалатыны сөзсіз. Жалпы басты мәселе мынада: бұл кездесулерде айтылған пікірлер мен қол қойылған келісімдер орындалуы тиіс. Қазір әлемдік экономика алға қарай қарыштап, дамып барады. Десек те, оның зардабы да адам баласына оңайға тимейді. Өндірістің дамуынан елдің, адам ба-



ласының әл-ауқаты артады. Сонымен қатар қоршаған ортада экологиялық тепе-теңдік бұзылады. Оны жоққа шығармауымыз керек. Париж келісімі оның алдында өткен Киото хаттамасының жалғасы болып табылады. Оған сәйкес, барлық мемлекет қоршаған ортаны қорғау үшін күресу керек. Өндірістік қалдықтарды сыртқа төкпеу, өзен-суды ластану, парниктік газдарды азайту сынды экологиялық тазалыққа қатысты нәрселер. 2015 жылы Францияда өткен форумға 195 ел қатысып, арнайы қаулы қабылдады. Қабылданған құжатқа сәйкес, 195 мемлекет жер бетіндегі температураның 2 градустан артық көтерілуіне жол бермеуі қажет. Жалпы қазір ауа температурасының жылынуына қосымша ықпал ететін факторлар өте көп. Ғылыми-техниканың барған сайын жылдам қарқынмен өсуі табиғатқа өз әсерін тигізуде. Өндірістік қалдықтар мен зауыт-фабрикалардан түтіннің шығуы, парниктік газдардың көбеюі мұның барлығы да экологияны бұзуда. Бұл адамның денсаулығына қатты әсер етіп жатқан жағдайы бар. Өндірістік басым көпшілігі көмірмен жұмыс істейді. Оны шешуші жолдардың бірі — «жасыл экономика» саласын дамыту.

Париж келісінде дамыған және дамушы елдердің экономикалық өсіміне қарай парниктік газдарды азайту үлесі әр елге белгіленіп берілді. Олар экономикасының қуаттылығына орай әрқайсысы өзіне міндеттеме алды. Бірақ ортақ көрсеткіш жаһандық +2 градус. Сондықтан да жалпыға бірдей ортақ нәрсе температураны +1,5 градустан асырмау міндеті қойылды.

Жыл сайын экологияның ластануына дамыған және дамушы елдер қатты алаңдап отыр. Нақты дерекке жүгінер болсақ, Париж келісіміне қатысқан 195 елдің 179 аталған құжатты заңдық түрде өз мемлекетінде бекітті. Қазақстан елі де бұл халықаралық құжаттан қалыс қалған жоқ. 2016 жылдың тамыз айында оны парламентте бекітті, яғни ратификациялады.

Әлемнің көптеген елдері көмірмен жұмыс істейтін стансаларды пайдаланып отыр. Атап айтар болсақ, Қытай, Германия, ЕуроОдақтың басым бөлігі жылу электр стансаларына отын

ретінде көмірді пайдаланады. Ал жылу электр стансаларының мұржасынан шыққан түтіннің қаншылықты улы және адам денсаулығына, қоршаған ортаға зиян екенін екіншісі біледі. Сондықтан да аталған елдер, сонымен қатар өркениетті елдердің басым көпшілігі көмірді тұтынудан бас тартып, «жасыл экономикаға» көшуді жоспарлап отыр.

«Жасыл экономикаға» көшуге қатысты қазіргі таңда Қазақстан үкіметі кезең-кезеңмен жұмыс істеуде. Бүгінде үкімет міндеттемелерді жүзеге асыруға кірісіп жатыр. Қазақстан жоғарыда аты аталған Париж келісіміне сәйкес, парниктік газдың шығарылымын 2030 жылға қарай 15 пайызға азайтуға шешім қабылдап отыр.

Жалпы Париж келісімі тек жаһандық жылынуға ғана қатысты емес. Оның мақсаты — қоршаған ортаны қорғау, өндірістік қалдықтарды ластану, парниктік газдардың шығарылымын азайту. Адам денсаулығы осы айтылғандармен тікелей сабақтас. Сондықтан да бүкіл ғалам «жасыл экономикаға», жаңартылған энергия көздеріне көшуге қадам жасап жатыр. Өйткені бұл саланың табиғатқа, экологияға, адам денсаулығына тигізер зияны жоқ.

Қазақстан да өркениетті түрде «жасыл экономикаға» енді қадам басты. Экологиялық Кодекстің жаңа талаптарына сай өндірістік мекемелерді қоршаған ортаға зиян келтірмеуге ынталандыру мақсатында жаңа технологияларды енгізу жақын уақытта міндетті болады. Қазіргі осы саладағы үлесіміз — 3% шамасында. 2050 жылға қарай «жасыл экономика» саласын дамытуды 50%-ға жеткізу жоспарланып отыр. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бұл жоспарды орындау біздің қолымызда, ортақ мақсатта тек бірлігіміздің арқасында қол жеткізуіміз мүмкін.

Мереке Бауыржановна АЛИМЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы
Бауыржан Бейсенбаевич АБДЫКАРИМОВ,
стандарттау және сертификаттау мамандығы
1-курс магистранты.
Алматы қаласы.



«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі



**Бауыржан
Меиржанович
РАХЫМБАЕВ,
«Жезкент орта
мектебі» КММ қазақ
тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.
Бородулиха ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

*Қазақтың қасиетті, ұлы адамының бірі –
Құнанбай Өскенбайұлы.
Ахат Шәкәрімұлы*

Әлем әдебиетіне үңілсек, әдебиет пен өнер жайында айтылған сом-сом тұжырымдардың ішінде роман жайлы, соның ішінде тарихи роман жайлы, ондағы көркем образдардың жасалуы жайлы айтылған ойлар да, сөздер де көп. Француздың ұлы романисі Оноре де Бальзактың «Өнер дегеніміз – шындықтың шығармашылықпен өңделіп бейнеленуі» дегеніне түсінік беріп жатудың өзі артық. Сонда бұл қай өнер, қай шындық туралы? деген ой еріксіз ойға оралады. Осы тұжырымдарды Кеңестік дәуірдегі өнерге, роман және тарихи роман жанрына, ондағы тарихи және көркем образдардың жасалуына телуге келе ме? Қиын заманда жан айқайы қиналыстан туған шығармаларға әлемге ортақ тұжырымдар тұрғысында пікір айтудың өзі ретсіз. Дегенмен, Кеңестік идеология соның бәрін күшпен иіп әкеліп, өз дегеніне көндіріп отырды. Әйтпесе Мұхтар Әуезов өз туындысы жайлы «Абай кезіндегі қазақ даласына күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым»-дегенді айтпауы мүмкін еді. Қайдағы «ескі» десек, бұл Құнанбай дәуірінен жарты ғасыр өткен

соң дүниеге келген ұғым, «жаңа» заманның әкелген жалған ұғымы. Құнанбай дәуірі кер заман толқынының өз ағысымен ағып жатқан кезі, көне ұрпақты жаңа ұрпақтың жаңарту процесі – тарихи да заңды құбылыс. «Демек, Құнанбай образы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына орыс халқының мәдениеті арқылы еніп келе жатқан, келешегі зор жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туды», - дегені бәлкім, басқа арнаға түсіп кеткен өз шығармашылығы жайлы амалсыз айтқан сөзі де шығар. Осы орайда орыс әдебиетіндегі И.С. Тургенев жасаған «Әкелер мен балалар» романындағы ескі мен жаңаның тартысына келсек, ол мүлде бөлек дүние, бұл – уақыттың өтуі нәтижесінде ескіні жаңаның заңды ауыстыруы, феодализм батпағынан әрең шыға бастаған орыс капитализмінің айқын көрінісі. Өйткені, кейіпкер Құнанбай мен тарихи тұлға Құнанбайдың өмірі, жеке басына қатысты оқиғалардың өзі өмір сүрген заманның тарихи шындығымен салыстыра талдау ұлы шығарманың түпкі көркемдік мақсатын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Эпопеяны оқи отырып, Абайдың жас кезінен бастап өсу жолындағы әрбір қадамына өзінің «әке» атты үлкен ұлағатының барлық қасиетін еккен Құнанбай әке деп білеміз. Құнанбай образын жасауда жазушы оның тарихи ортасының сипатын айқын, халықтық үлгіде жеткізеді. Мысалы, 1868 жылғы «Жаңа Низам» заңдарына байланысты қазақ даласындағы өзгерістер нәтижесінде Құнанбайдың әдеби бейнесі ендігі беталыс – тізгінді балаларына ұстату. Бұл арада Құнанбайдың әдеби болмыс, бітімі, психологиясы мен мінезі де өзгеріп отырады. Құнанбай «адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Жақсылық кісінің айнымас табан-



дылығында деп білемін. Соның түбінен міні шығатын кез де болатын шығар» дегеннен басқа шешіліп, ішкі сырын, не ойлайтынын сездіре қоймады. Олардың жауабын білмек болған бала алдында жұмбақ күйінде қала берді. Алдыңғы мәжілісте болған Құлыншақ, Сүйіндік, Байдалылардай емес, қабат-қабат шың сияқты. Байдалы сөздерінің оралымдары мен ой өрістеулерін қатты толқып, ширьқан бала енді үлкендердің жаңа, тың қырына кездесті. Жақсылық табанды адамның қолынан ғана келетінін жазушы Құнанбай арқылы жайдан жай айттырып отырған жоқ. Әлішер Науаи: «Ізгілік — қасиетті іс. Ізгілікті адам бұл қасиетті құдайдан алған. Ерлік, ізгілік — туыс нәрсе, олар егіз. Ондай жақсы (қасиетті) нәрсе бұл дүниеде жоқ. Адамдарда сатқындық бар екеніне көзі жеткен соң, олар адамзат баласынан келместік әлеміне жоғалып кеткен» дегенді айтады. Қай қылығы болса да Құнанбайдың туа біткен қасиеті екеніне қаламгер назарды аударады, ол нені болса да — жақсылық, жамандықты болса да мықтап ұстанатын адам. Құнанбай образы да ірі уақиғалар айналасында сомдалады. Оны әдебиет сыншылар біржақты талдап, жағымсыз жақтарын баса суреттеп, Құнанбайды қатыгез жауыз есебінде талдап келеді. Ел билеуші болған соң, кезінде Құнанбай біреуге жағып, біреуге жақпауы заңды құбылыс. Мысалы, сол талдауларда Қодарды Құнанбай жерін тартып алу үшін өлтіртті деп, оны құлқының құлы етеді. Шын мәнінде Құнанбай Қодар жазасы туралы көп ойланып, ақ-қараны әбден тексеріп барып, қылмысты қылықтары үшін ауыр жазаға шешім жасайды. Әйтпесе, Құнанбай Қарашоқыны Қодардан бейбіт күнде тартып алса да қолын ешкім қақпаушы еді. Қодар трагедиясы жайында жазушы өте көп материал жинаған. Солардың ішінде көп әңгіме-естелік айтқан туған атасы Әуез қарт болды. Шыңғыстың қатпар тастарының қыртыс-қыртысына дейін сырын ұққан Әуез қарт сол атышулы оқиғаны Мұхтарға жеткізген. Тағы бір нақты деректер берген аяулы жан

Шәкәрім Құдайбердіұлы еді. М. Әуезов өз естелігінде: «Ана төбеден Қодар лақтырылғанын білесің бе? Деп сол елдің ақсақалы Қодар өлтірілген жартасты көрсетті», - дейді. Кінәлі екені де, кінәсіз екені де Қодардың өз сөзіне қарағанда көмескі, жазалаушылар жағынан жорамал, ақ-қарасы анық тексерілмеген, дәлелденбеген. Шын түсінген оқырманға жазушының Қодарды даттап та, жақтап та тұрғаны байқалады. Даттайтыны — Қодардың өзін-өзі ақтай алмауы, құдайға тіл тигізуі, өлім алдына да ерегісе түсуі. Жазушы Қодар кінәсіз кетіп барады деп отырған жоқ. Жақтайтыны — на-дан елдің қатал заңы, еркек түгіл әйелге де рақым жасамай, ел көзінше жабайы түрде жазалауы, дарға асуы, таудан оны лақтыруы — бұл шектен шыққан қатал жаза, көрген көзге, естіген құлаққа жан шошырлық қайғылы оқиға. М. Әуезов романда: «Бірақ өзі әке мінезін сынағыш болғаннан бері, сол әкеден қорлық көрген елдің қай-қайсысының болса да сөз ұғар деген адамдармен сырласа, сөйлесе, әке мінездері, ел күйі, көптің мұңы сияқтыны толық ұғынып, көп түсіне бастаған», - дейді. Бұл әке мен баланы бітіспес күреске салудың бастамасы еді. Әке мен баланың арасындағы бұл тартысты, қайшы көзқарасты, ел басқарудағы екі түрлі әдісті роман жазылған кезең тұрғысында қарау керек дейміз. Қым-қиғаш тартыстарда, қайшылықтарда жасалған қатал да айлалы әкенің өктемдігі өз баласымен тартысқа тіреліп отыр, өйткені жазушы Құнанбайды «Мен сол заманның Құнанбайымын!» деген деңгейге келтіруі тиіс болды. Өйткені, жазушы романда Құнанбайдың өмірдегі іс-әрекетін айнытпай берсе, роман кезінде алған атақ-дәрежеге жете алмауы сөзсіз. Шындығында, Құнанбай өзінің мақсат — мұратын әрі қарай жалғастырушы баласы Абайды қалт жібермей, өз тәрбиесіне жетілдіреді. М. Әуезов өзінің «Абайдың өмірбаяны» атты монографиясында: Құнанбай мен Абайдың өмір бойы жауласқан жаулары — Жігітек руы, - дейді. Бұл сөз әке мен баланың мүддесінің де, іс-әрекетінің де бір болғанын көрсетеді.



Романның басталуында-ақ баласы Абайды оқудан шығарып алып, ел басқару ісіне араластыра бастауы көреген әкенің баласының бойынан өз келешегін көре білгендігі еді...

Қорыта келе, М. Әуезовтің Құнанбай бейнесі кең көлемде жинақталып жасалған; жазушы оның бойына қазақ халқының көптеген қасиеттерін сыйғызды, ұлттық ерекшеліктің небір қырлары мен сырлары сол арқылы жеткізілді. Бұған қаламгердің ұлт болмысына тән еңбектерді тынбай ізденулері алып келді. Шығарма өзегіне айналған тарихи деректерді талмай ізденіп, оларды өзінің талғамынан өткізу барысында әлгі ұлттық ерекшеліктер де қоса-қабат жарыса жүрді, ең негізгісі бұлар-

ды бұрын-сонды болмаған көркемдік дәрежеде көрсете білуінде еді. Дәуір шындығын да тұтас қамтып, осылармен байланыстыра суреттеу, өмір шындығының қырлары мен сырларын ашу М. Әуезов шығармашылығының принципті ұстамдарының бірі болса, бұның өзі қаламгер шығармашылығына реалистік сипат береді, ол сипат қоғамның негізгі заңдылықтарының соншама көркем, соншама шеберлікпен суреттелуінде жатыр. Осылайша эпопея сюжеті тұтасымен тарихи дамудың шындығына негізделді: халық өмірінің ағымы, ондағы адамдар тағдыры бірімен-бірі сәйкес кең көлемде көркемдікпен жан-жақты көрсетілді.



Әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту



**Шынар
Нарынбековна
АДИЛЬБЕКОВА,
№32 жалпы білім
беретін мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.**

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа формация мұғалімі — рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты», - деп жазады. Осы мақсатта білім беру аясында сын тұрғысынан ойлау жобасын қолдану біздің сабақта-рымызда үлкен орын алады.

Бастауыш сыныпта оқытудың ерекшеліктеріне сәйкес оқушының білім алу мүмкіндіктерін жүйелі түрде бағалау арқылы тиімді әдіс-тәсілдер қолданудың маңызы зор. Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр мұғалім өз ізденісі арқылы жеке оқушының қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Соның бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Бұл технологияның тиімділігі біріккен іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау мен жазу дағдысын қалыптастыру. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» — сынау емес, шындалған ойлау. Оқушы өз ойын сын тұрғысынан ойлап отырып, келе-келе мұғалімнің түсіндіргенінен гөрі өз ізденісі мен қызығуын танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сонымен қатар,



жекелей ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, (дебат әдісі) ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластық, ұйымшылдыққа, білім деңгейлерінің жоғары болуына көп әсерлерін тигізеді. Оның ішінде ерекше бір жағдай: сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен оқушылардың да қызығуы туып, олардың өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысуы. Сондай-ақ «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы бойынша сынып оқушыларының топтағы білімдерін бағалау критерийлерін белгілеп алу қажет сияқты. Ол деңгейлер мыналар:

- Оқушылардың белсенділік танытуы;
- Өз ойларын ашық жеткізе білуі;
- Тақырып бойынша ең негізгіні түсініп, ажырата білулері;
- Барлық топтар бойынша тәртіп, сыйластық, ұйымшылдыққа баулуы.

Шығармашылық — адамның ішкі сезімін және өз ойын сөзбен суреттеп айта білуге, әдебиеттік оқу оқулығында жазылған әр жанрдағы шығармалар мен адам өмірінің, әлеуметтік құбылыстардың арақатынасын ұғынуға тырысады.

Заман талабына сай әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға айрықша мән беріліп отыр. Қоғам бізден жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол, жаңа заман адамын талап етеді.

Бастауыш сыныпта дәріс беріп, еңбек етіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ізденумен келеміз. Біздің ойымыз бойынша сабақтар өз дәрежесінде өткізілсе, оқушыларға пайдасы тимесе, еш зияны болмайды. Керісінше өзіне деген сенімі нығаяды. Оқушылардың философиялық тұрғыдан ойланып, өздіктерінен жан-жақты оқып үйренуіне жағдай жасап, әрдайым қызығушылығын тудыра отырып, пәнге деген көзқарасын ұйымдастырсақ, бұл да бір жақсылықтың нышаны, біздің оқушылармен жасалған еңбегіміздің көрінісі емес пе?

Сабақтың барлық кезеңінде сын тұрғысынан ойлау жобасын қолданып ашық сабақ өткіздік.

Бұл зерттеуден өзіміз үшін не алдық, неге үйрендік?

Біріншіден, біз дара тұлғаларды тыңдадық, балаларға, білімге және жобамен жұмыс істейтін мұғалімдермен ой бөлістік.

Екіншіден, біз түрлі перспективаларға қарай қарым-қатынастың қаншалықты өзгеше болатындығын ұқтық:

- Бастауыш сынып мұғалімдері көбінесе ортаны құруға көбірек назар аударады, бұл жерде жиі кездесетін сөздер «мейірімділік», «жақсы қарым-қатынас»;
- Мұғалімдер өз назарларын терең талдауға, ойлауға, ойды еркін жеткізуге бағдарлайды;
- Ұстаздар үшін икемдік, барлық мүмкіндіктер арасынан өз жолын табу маңызды болып табылады және мұғалімнің жалғыз өзі білім көзі емес екендігі.

Дегенмен алынған мәліметтерді жинақтау барысында әркез білім тәжірибесінде осы сұхбат барысында анықталғанның жеткілікті дәлелдері бар екендігін қуанышпен атап отырдық. Осы тұрғыдағы зерттеулер өз алдына тәжірибені жинақтауды, кең көлемді қорытынды жасау мен ой түйіндеуді мақсат етіп қоймайды. Олар бізге нақты не алатынымызды білуге терезе ашады.

Әдебиеттік оқу сабағында сын тұрғысынан ойлау жобасы бойынша танымдық іс-әрекетті қалыптастыруда оқытушының жүргізетін жұмыстарының тиімділігі мынадай жағдайда артады.

Егер:

- Өз тәжірибесін пайдалана отырып, жаңа білім арқылы дүниеге өзіндік түсіністік пен танымды қалыптастыру оңтайлы жүзеге асырылса;
- Мұғалім оқушыны өз тақырыбы бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолдарын табуды өздеріне ұсына алса;
- Мұғалім оқушыларға ұқсастықтар мен қайшылықтарды өз беттерімен салыстыруға, қорытуға, түйіндеуге жағдай туғызса;
- Оқытуды оқушы өмірімен, еңбегімен, ойынымен ұштастыра білсе.

«Егер театр киім ілгіштен басталса», біздің



сабағымыз алда тұрған материалды оқып үйрену, қызығушылығын оятудан басталады.

Осы кезде оқушылар «топтастыру», «Венн диаграммасы», «ББҮ», «семантикалық карта», т.с.с. қолданады. Өзі білетін ойларын жинақтап ортаға салады.

Екінші кезеңде мағынаны тануға көшеміз. «ДЖИГСО», «Әлемді шарлау», «Эссе жазу», т.с.с. стратегияларын қолданады. Топта ой бөлісіп, спикер ортаға шығып сөйлейді. Әр бала үшін бұл кезең қызықты да, тартымды болады. Спикерлердің бойында өз тобы үшін

жауапкершілік сезіліп, бәсекеге түсіп, топ оқушыларының ойларын толық жеткізуге дағдыланады.

Үшінші кезеңге келгенде оқушылар өз алған, естіген білімдерін жинақтай бір ойды түйеді. Оны «Топтастыру», «Бес жолды өлең», «Эссе жазу», «Венн диаграммасы», «ББҮ», «Еркін жазу» стратегиялары көбірек қолдануда. Осыдан байқағанымыз ұяң оқушылар ашыла бастайды. Әр бала өз ойын еркін айтып, ой бөлісіп, өзін белсенді ұстай білді.



Жүзімдер де сырқатқа шалдығады

Жүзім – ежелгі мәдени өсімдік. Бүкіл өсімдіктердің ішінен тек жалғыз жүзімді зерттейтін ғылым – ампелография (грек тілінен *αμπέλος* – жүзім және *γραφία* – сипаттама). Жүзімнің кең ботаникалық отбасы 11 тұқымдасты және 600-ге жуық түрді қамтиды. Мәдени жүзім өсіру (жүзім өсіру) Таяу Шығыста шамамен 6000-8000 жыл бұрын басталды. Грузия аумағында VI мыңжылдыққа жататын дамыған шарап мәдениетінің археологиялық дәлелдері, соның ішінде шарап іздері 8000 жылдық керамикалық ыдыста табылды.

Жүзім өсімдіктері көптеген зиянкестерден, вирустық, бактериялық және саңырауқұлақ ауруларынан зақымдалады. Олар көбінесе қолайсыз топырақ пен ауа-райының салдарынан зардап шегеді. Жүзім жинаудың жылдық шығыны шамамен 30% құрайды, ал уақтылы немесе сапасыз қорғаныс шаралары кезінде олар 50%-дан асады.

Жүзім жинауды зиянды организмдерден сақтау үшін олардың көлемін және зияндылығын реттейтін табиғи факторларды барынша пайдалана отырып, агротехникалық және химиялық шаралар жүйесін қолдану қажет.

Жүзімнің барлық аурулары екі үлкен санатқа бөлінеді: **жұқпалы аурулар** және **жұқпалы емес** аурулар. Жүзімнің қандай ауруға шалдыққанына қарамастан, ол өсімдікке үлкен зиян келтіреді және оның қалыпты өмірлік процестерін бұзады, сайып келгенде, оны өлтіруі мүмкін.

Бір бұтадан екіншісіне ауыса алмайтын аурулар **жұқпалы емес** деп аталады. Көбінесе жүзім топырақтың жоғары қышқылдығы, тұздануы немесе топырақтың сілтілік тепе-теңдігінің бұзылуы нәтижесінде инфекциялық емес аурулардан зардап шегеді. Көбінесе жүзім ауырады, өйткені топырақ суды жақсы өткізбейді немесе қоректік заттарға бай емес. Сондай-ақ, жүзім бұтасына механикалық зақым келтіру нәтижесінде жүзім ауырып қалуы мүмкін. Барлық осы жағымсыз факторлар инфекциялық емес ауруларды тудыруы мүмкін, олармен күресу қиын. Сондықтан жүзім бұтасы оңтайлы өсу жағдайымен мүмкіндігінше қамтамасыз етілуі керек.

Жұқпалы аурулар бір бұтадан екіншісіне ауысудың қауіпті қасиетімен сипатталады. Өсімдіктің инфекциясы тудыруы мүмкін: саңырауқұлақтар, бактериялар немесе ви-



рустар. Бұл аурулар өте қауіпті, өйткені олар қысқа мерзімде жүзімдікке таралып, биологиялық өмірінің нәтижесінде оны жоя алады.

Жүзім ауруларымен күресу әдістері.

Жұқпалы аурулармен күресудің негізгі әдістерінің арасында келесі әдістер бар:

Профилактикалық іс-шаралар. Жүзімнің алуан түріне байланысты сапалы алдын-алу жұмыстарын жүргізу үшін өсімдіктер жыл мезгіліне байланысты жылына бірнеше рет Бордо сұйықтығымен және басқа да арнайы препараттармен шашыратылады.

Жоғары агрофонды сақтау. Бұл оқиға бұтаның жанындағы топырақтың қалыпты құрамын сақтауды білдіреді. Зауыт барлық қажетті микроэлементтермен және органикалық заттармен қамтамасыз етілуі керек, ол күн сәулесімен жақсы жарықтандырылып, қажет болған кезде суарылуы керек.

Төтенше жағдайларда карантин. Егер кез келген жұқпалы ауру жүзім бұталарына жұқса, зардап шеккен аймақтарды жою және әлі де құтқаруға болатын өсімдіктерді емдеу үшін шұғыл шаралар қабылдау қажет. Ауру бүкіл жүзімдікке таралмауы үшін жұқтырған бұталарды оқшаулау керек. Ол үшін бұтаға тиген ауруға байланысты барлық мүмкін препараттар мен құралдар қолданылады.

Жұқпалы аурулардың ішіндегі ең зияндылары: **көгеру (милдью)**, оидий, антракноз, сұр және ақ шірік.

Жүзім бұталарының ең көп таралған және қауіпті ауруы — саңырауқұлақ ауруы — көгеру (милдью). Кейде бұл ауру мылжын деп аталады. Өздеріңіз білетіндей, жалған ұнтақты саңырауқұлақтар бұтаның барлық жасыл бөліктеріне әсер етеді. Саңырауқұлақ зақымдайды: жапырақтар, бұтақтар, усики, завязи және гүл шоғырлары.

Бұл қауіпті саңырауқұлақ ауруының қоздырғышы — зооспоралар. Оларды көбінесе қысқы споралар деп атайды, өйткені олар

жаздың соңында жүзімнің жұқтырған тіндерінде пайда болады және жер бетіндегі немесе оның астындағы құлаған жапырақтарда қыстайды. Көктемде, алғашқы жылы жаңбырдан кейін, ауа температурасы 11-12 градустан асқан кезде, зооспоралар ісіне кірісе бастайды. Дәл осы кезеңде флагелла оларда белсенді өсе бастайды, олардың көмегімен олар бұтаның жасыл бөліктеріне қарай жылжи бастайды. Егер су шашырауымен бірге флагелла бар мұндай ісінген зооспоралар өсімдіктің жасыл бөліктеріне түссе — жүзім бұтасы жұқтырылады. Осыдан кейін олар қозғалғыштығын жоғалтады және бұтаның жапырақтары мен басқа да жасыл бөліктерінде өсе бастайды. Бұл жағдайда олар филиформалық процесті құрайды — ГИПа. Құрылған гипалардан уақыт өте келе мицелий пайда болады.

Аурудың бастапқы белгілері

Инкубациялық аурудан өткеннен кейін аурудың сыртқы белгілері пайда бола бастайды. Зең саңырауқұлақ ауруы үшін келесі белгілер тән:

- жұқтырған жапырақтың жоғарғы жағында ашық сары дақтар пайда болады;
- жапырақтың төменгі бөлігінде ақ жабын пайда болады, ол көптеген конидиофорлардан тұрады, олар саңырауқұлақтардың жазғы споралары болып табылады.

Аурудың салдары

Егер сіз осы аурумен белсенді түрде күреспесеңіз, егін жоғалады және жүзім бұтасы қатты әлсірейді және бұтаны жоятын басқа аурулардың дамуына қолайлы жағдайлар болады.

- жұқтырған жапырақтары өліп, құлап кетеді;
- жидектер қараңғыланады, мыжылады, кебеді немесе құлайды. Мұның бәрі ауайына байланысты;
- жапырақтарын жоғалтқан бұта қажетті қоректік заттарды жинай алмайды, сон-



дықтан әлсіз аяз болса да, ол өліп кетуі немесе басқа қоздырғыштарды жұқтыруы мүмкін.

Жүзімді көгеруден қорғау шаралары

Жүзім бұталарын қорғау үшін екі негізгі әдіс қолданылады:

1. Олардың біріншісі — аурудың алдын алу. Бұл әдіс бұталарды қысқы споралармен жұқтырудың алдын алады, бұл болашақта өсімдіктің жасыл бөліктерін жазғы зооспоралармен жұқтырудың алдын алады.

2. Екінші әдіс — бұтаның ауру қоздыр-



ғыштарымен жұқтырылғанын нақты білсеңіз, аурумен тікелей күресу.

Жүзім жиі саңырауқұлақ ауруларымен ауырады. Жүзімнің ең көп таралған және қауіпті ауруларының бірі — антракноза. Көгеруге төзімді жүзім сорттары бұл аурудан көбірек зардап шегеді. Белгілі болғандай, ерекше белгімен өсірілген жүзім сорттары — көгеруге төзімділік көрсеткенімен антракнозға мүлдем төзімді емес. Бұл аурулардың мүлдем басқа факторлардың әсерінен пайда болатындығына байланысты.

Жүзім ауруының себептері

Жүзімнің көптеген сорттары ауырып қалуы мүмкін. Бұл ауруға төзімді сорттар өте аз. Механикалық тітіркенуді алған өсімдіктерге ең көп әсер етеді.

Антракнозадағы жүзім ауруының негізгі себептері:

- бұтаның қашуының механикалық тітіркенуі;
- нашар өсімдік күтімі;
- фосфор мен калийдің болмауы;
- жоғары ылғалдылық;
- топырақтың жоғары қышқылдығы (жоғары pH).

Ауру жүзімнің өлі бөліктерінен тіріге өтеді. Сондай-ақ, саңырауқұлақ споралары өсімдікті жұқтырған құрал, су (жауын-шашын) арқылы жұқтыруы мүмкін, желдің арқасында саңырауқұлақ споралары таралады. Жүзімді жұқтырудың көптеген жолдары мен себептері бар, бірақ бастысы — нашар күтімге байланысты бұтаның әлсіреуі. Егер өсімдік қоректік заттарға ие болмаса, ол көлеңкеде өседі, содан кейін антракнозға болмаса, онда басқа ауруға шалдығу ықтималдығы жоғары.

Антракноздағы жүзім ауруының белгілері

Жүзім антракнозы — бұл оңай анықталатын аурулардың бірі. Симптомдар бұтаның бүкіл жер бетінде саңырауқұлақ спораларымен жұқтырғаннан кейін шамамен бір апта-



дан кейін пайда болады.

Бұл аурудың негізгі белгілері:

1. Жүзімнің жапырақтарында қоңыр дақтар пайда болады, олар шеттерінде қараңғы болады. Біраз уақыттан кейін жапырақ біркелкі қара қоңыр түске айналады.

2. Өскіндерде ұзын қоңыр дақтар пайда болады, олар уақыт өте келе ішке қарай тереңдей бастайды, бұл қоректік заттардың қалыпты таралу процестеріне кедергі келтіреді. Уақыт өте келе бұл дақтар кеңейе бастайды және түсі қоңырдан қою қоңырға ауысады.

3. Егер ылғалдылық жоғары болса, онда жапырақтары мен сабағы шіріп, бұзыла бастайды.

4. Құрғақшылық кезінде жұқтырған жерлер жарыла бастайды, ал қашу қатты зардап шеккен жерлерде бұзылады.

Антракнозбен жұқтырған жүзім бұталарын емдеу

Егер жүзім бұтасы антракнозды жұқтырса, оны емдеу керек. Әдетте зақымданған учаскелерді (жапырақтары және кейбір шашын өркендер) өртейді. Бүгінгі таңда бұтаны емдеуге болатын көптеген жаңа тиімді фунгицидтер бар. Оларға мыналар жатады: Превикур, пайда Алтын, Фундазол, Скор, акробат МО, Ордан, Рыдомиль Алтын МО. Сіз қандай фунгицидті қолданғаныңызға қарамастан, бастысы — өсімдік өлмеуі үшін оны уақытында пайдалану. Қатты зардап шеккен жүзім бұталарын емдеу мүмкін емес, сондықтан олар уақыт өте келе өледі.

Жүзім некрозы — бұл жеке өсімділерге және тіпті жеміс бұтасының тұтас жемдеріне әсер ететін жалпы ауру. Өсімдіктің зақымдану дәрежесі ауа-райына және бұтаның өзіне байланысты. Бұл ауру өсімдікке үлкен зиян келтіреді, өйткені бастапқы кезеңдерде оны тану мүмкін емес. Сондықтан ауру тыныш дами алады және бағбан бұтаның жеке өсімділері өле бастағанға дейін ештеңе байқамайды.

Ауруды тану мүмкіндігі

Инфекцияның бастапқы кезеңдерінде диагноз қою өте қиын болса да, егер сіз осы тапсырмаға тиісті күш салсаңыз, оны анықтауға болады. Некроздық дақтар қабықтың астында орналасқандықтан, оларды тану үшін инфекцияның ықтимал жерлерінде қабықтың жоғарғы қабатын мұқият алып тастап, қара дақтардың бар-жоғын білу керек.

Аурудың негізгі белгілері:

- алдымен қабықтың жоғарғы қабатының астында байқалмайтын некроздық дақтар пайда болады, олар уақыт өте келе қашудың тереңдігіне терең енеді;

- уақыт өте келе қашу кезінде пайда болған дақтар бір сақинаны құрайды, нәтижесінде жұқтырған қашу өледі.

Аурудың дамуы

Өздеріңіз білетіндей, ауру жүзімнің қашуы қыстың қатты аязынан сақтау үшін жермен жабылған кезде өте жақсы дамиды. Аурудың белсенді даму кезеңі көктемде, белсенді шырын ағымы басталған кезде пайда болатыны түсінікті, содан кейін ауру әлсіреген қашу тіндеріне әсер етеді. Осылайша, бұл аурудың дамуының негізгі шарттары:

- жүзімнің қашуын жер білігімен жабу керек;

- күз жаңбырлы және жылы;

- қысы жылы, жиі ериді.

Күрес әдістері

Ауруды диагностикалау өте қиын болғандықтан және ауру жұқтырған өсімділерге терең енгендіктен, бұл аурумен күресудің тиімді әдістері жоқ. Сондықтан күрестің барлық әдістері осы аурумен күресудің таза профилактикалық сипатына ие.

Өнеркәсіптік бау-бақша мен жүзім шаруашылығының қазіргі заманғы дамуы өсімдіктерді химиялық қорғау құралдарының көп үлесі бар жоғары қарқынды технологияларды пайдалану арқылы өнім шығымын аудан бірлігінен арттыру арқылы өнімділікті арттыруға сенімді түрде бағытталған.



Бұл дақылдарды қорғаудағы биологиялық әдістердің өсіп келе жатқан рөліне қарамас-тан, көптеген фермаларда негізгі аурулар мен зиянкестерді бақылау үшін пестицидтерді қолдану өзекті болып қала береді. Жаңа препараттарға жоғары селективтілік, адамдар мен басқа да мақсатты емес организмдер үшін төмен уыттылық, ұзақ қорғаныс әсері, қорғалған өсімдікке оң әсер ету (кем дегенде фитоуыттылықтың болмауы) және басқалар сияқты талаптар маңызды болып табылады.

Пестицидтер (к. *Pestis* — инфекция және *caedo* — өлтіру), пестицидтер, зиянкестер мен өсімдік ауруларымен, арамшөптермен, астық зиянкестерімен және астық өнімдерімен күресу үшін қолданылатын химиялық заттар. Пестицидтер жүзім шаруашылығында кеңінен қолданылады. Пестицидтерге Десиканттар, дефолианттар да жатады. Өсімдіктер мен жануарлар денесінің жасушасына еніп, пестицидтер оның физика-химиялық қасиеттерін өзгертеді, ақуыздармен және басқа компоненттермен химиялық реакцияға түседі, оларды тұндырады, ферменттерді белсенді етпейді, метаболизмді бұзады, бұл жасушаның өліміне әкеледі. Пестицидтер қолдану объектісіне, ағзаға ену жолдарына, әсер ету сипатына және химиялық табиғатына байланысты жіктеледі. Қолдану объектілері бойынша пестицидтер мынадай топтарға біріктіріледі: Инсектицидтер — зиянды жәндіктермен күресте қолданылатын заттар, зооцидтер — кеміргіштермен, акарицидтер — кенелермен, нематоцидтер — нематодтармен, лимацидтер — қожалармен, афицидтер — титтермен, фунгицидтер — саңырауқұлақ ауруларымен, бактерицидтер — бактериялық аурулармен, гербицидтер — арамшөптермен, арборицидтер — зиянды ағаш және бұта өсімдіктерімен, дефолианттар — жапырақтарды жою үшін қолданылатын препараттар, Десиканттар — оларды жою үшін кептіру. Бірқатар пестицидтер организмдердің әр түрлі топтарымен (инсекто-

фунгицидтер, инсектоакарицидтер және т.б.) күресуде тиімді бола отырып, кешенді әсерге ие. Кейбір жағдайларда пестицидтер зиянды организмдердің дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі әрекеттеріне байланысты топтарға біріктіріледі: овицидтер — жәндіктер мен кенелердің жұмыртқаларын өлтіретін препараттар; ларвицидтер — личинкалар және т.б. организмге ену жолдарына байланысты пестицидтер бөлінеді: ішек, ағзаға ауыз қуысы мен ішек арқылы енеді; байланыс-жәндіктер денесінің бетімен тікелей байланыс арқылы интегралдық тіндер арқылы; тыныс алу жүйесі арқылы ағзаға бу түрінде енетін фумиганттар; репеленттер — жәндіктерді қайтаратын заттар және т.б. химиялық принцип бойынша жіктеу пестицидтерді олардың құрамына немесе алу әдісіне байланысты топтарға біріктіреді (хош иісті, гетероциклді, органофосфор қосылыстарының туындылары). Пестицидтер әртүрлі уыттылыққа және организмде және қоршаған ортада жинақталу қабілетіне, ыдырауға төзімділікке, бластомутагендік және мутагендік қасиеттерге ие. Зиянкестердің пестицидтерге төзімділігі жеке, популяция, кезең, жас және т.б. болуы мүмкін. өнеркәсіп пестицидтердің әртүрлі дайындық формаларын шығарады: суланған ұнтақтар, концентрацияланған эмульсиялар, шандар, ерітінділер, аэрозольдер.

Мамандықтың жаманы болмайды, тек қоғамқа тигізер пайдасы мен маңызына қарай ерекшеленеді. Сұраныс неғұрлым көп болса, соғұрлым білікті әрі кәсіби деңгейі жоғары мамандарды дайындау қажет болады. Қазақстан нарықтық экономикаға нық қадамдар жасап, жаңа жоспарлар құрып, дамыған сайын, экспорт пен импорттау процестері жетіліп, жаңа деңгейді бағындырып келеді. Мүмкіндіктер көбейген сайын, оны жүзеге асыратын жаңа салалар мен оны меңгеруге бейімделе алатын қызметкерлер қажет.

Осы орайда «Стандарттау және сертифи-



каттау» мамандығының маңызы мен рөлі жоғары. Қазақстандағы азық-түлік өнеркәсібін дамыту, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, тамақ өнімдерінің сапасын жақсартады. Қазіргі таңда нарықта аса жоғары бағаланатын, елге қажет мамандықтардың бірі – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы. Бұл мамандық әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына кіріп, 165 орынды иеленетін, ал Қазақстан бойынша ең үздік деп саналатын білім ордасының қара шаңырағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің физика-технологиялық факультетінде оқытылады. Университетіміз Орталық Азия аумағында QS-Star Халықаралық агенттігінің «Үстемділік белгісі – үш жұлдызына» ие болған және БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасы құрамына кірген Қазақстанның бірден-бір білім ордасы саналады. Қазақстандағы білім беру саласының «альма матері».

Осы тұрғыда «үйренемін» деген құлшыныспен жүрген болашақ жас мамандармен арнайы лабораторияда тәжірибе жүргізеді. Әсіресе, көпшілік алдында өз ғылыми жұмысын, яғни диссертация қорғауға дайындалып жүрген студенттердің зерттеу, талдау жұмыстары кезінде бұл жерде жүргізілетін әрбір тәжірибе өте пайдалы.

Физика-химиялық зерттеу және талдау орталығы – Қазақстан Республикасындағы жетекші көпсалалы ғылыми ұйым. Оның басты міндеті – заттар мен материалдарды химиялық талдаудан өткізу, қоршаған орта объектілерін, өнеркәсіп өнімдерін, минералды және өсімдік шикізаттардың жоғары тазалығын қамтамасыз етіп, металдарды химиялық бақылау. Физика-химиялық зерттеу және талдау орталығының айрықша ерекшелігі – бұл перспективалы ғылыми бағыттардың құрылуы мен дамуын және зерттеу әдістерін іс жүзінде жүзеге асырады. Осылай бірнеше

ғылымды біріктіреді.

Студенттер талай өнімнің сапасын зерттеп, әрқайсысын зерттеудің белгіленген таңылған әдістерімен өткізеді. Ойға түйген әр тәжірибе нәтижесінен кейін халықтың денсаулығын сақтап, сапалы өнімдерді көбейтіп, экономикадағы тиімділікті арттыруға әрекет етеді. «Стандарттау және сертификаттау» мамандығын оқыту барысында оқу орны үшін қашанда теориядан гөрі өндірістік тәжірибе маңыздырақ. Сондықтан оқығанымызды іс жүзінде қолданып көріп, арнайы кәсіпорындар мен сынау зертханаларына жиі барып тұрамыз. Өлшеу құралдарының түр-түрін қолданамыз.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дамыған 30 елдің құрамына кіруге бет алды. Еліміздің болашағын жасайтын жастар біліммен қаруланған, елге пайдалы тұлға болатын азаматтар болуы керек. Сондықтан заман талабына сай жанашылдық пен дәстүрлі білім беру тәсілін жанастыра алатын сапалы оқу ордасынан білім алып, сол білім арқылы елге адал қызмет етуге ұмтылып, жаңаша қоғам құрайық.

М.Б. АЛИМЖАНОВА,

**х.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Физика-техника факультеті, Стандарттау,
метрология және сертификаттау
мамандығының аға оқытушысы (PhD),**

Ерқанат СЫРҒАБЕК,

**Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ Химия
және химиялық технологиялар факультетінің
Химия мамандығының 1-курс докторанты,**

Асем АМАНДЫКОВА,

Ақбота МЫРЗАЙ,

**Әл-Фараби атындағы ҚазақҰУ
Физика-техника факультетінің Стандарттау
және сертификаттау мамандығының 1-курс
магистранттары.**

Алматы қаласы.



Развитие творческих способностей учащихся начальных классов в урочной и внеурочной деятельности



**Таншолпан
Еркиновна
КОКЕЕВА,**
учитель начальных
классов общеобразо-
вательной школы
№74
Турксибского района
г. Алматы.

